

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 195 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 637 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 195 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін мынадай нормалар мен лимиттер:

Қор резервінің есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарына есептелетін ең төменгі мөлшері провизия мөлшерінің кемінде он проценті мөлшерінде белгіленсін. Қор қызметінің нәтижесінде мүмкін болатын тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылатын және оның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін Қор резерві Қордың активтері мен провизиясының айырмасы ретінде айқындалады;

Қордың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған банктік шотындағы ақшаның ай сайынғы инвестицияланбайтын қалдығының есепті айдан кейінгі айдың басындағы ең төменгі мөлшері есепті айдың алдындағы айда "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген әлеуметтік төлемдер сомасының бір жарым еселенген мөлшерінен кем емес, бірақ 100000000 (бір жүз миллион) теңгеден төмен емес мөлшерде белгіленсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 мамырдан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК